

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Медициналық биофизика және ақпараттық технологиялар кафедрасы		044 -35/11 (М) ()
«Математика – бөлім 2» пәні бойынша дәріс кешені		40 беттің 1 беті

ДӘРІС КЕШЕНІ

Пәні: Математика – бөлім 2

Пән коды: Mat 1201-2

БББ атауы: 6B07201- «Фармацевтикалық өндіріс технологиясы»

Оқу сағаттары/ кредиттерінің көлемі: 150/5

Оқылатын курс пен семестр: 1,2

Дәріс көлемі: 10 (сағат)

2023-2024 оқу жылы

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН

**MEDISINA
AKADEMIASY**

«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ



SOUTH KAZAKHSTAN

**MEDICAL
ACADEMY**

АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»

Медициналық биофизика және ақпараттық технологиялар кафедрасы

«Математика – бөлім 2» пәні бойынша дәріс кешені

044 -35/11 (М) ()

40 беттің 2 беті

Дәріс кешені БББ бойынша "Фармацевтикалық өндіріс технолгиясы" МОБ
сәйкес әзірленген және кафедра мәжілісінде талқыланды.

Хаттама № 12 « 26 » 05 20 23 ж.

Кафедра меңгерушісі: ф-м.ғ.к., асс.проф. _____ М.Б.Иванова

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Медициналық биофизика және ақпараттық технологиялар кафедрасы	044 -35/11 (М) ()	
«Математика – бөлім 2» пәні бойынша дәріс кешені		40 беттің 3 беті

№ 1 Дәріс

1. Тақырыбы: Көп айнымалы функцияның дифференциалы

2. Мақсаты: Студенттерге көп айнымалы функцияның дифференциалын анықтауды түсіндіру.

3. Дәріс тезистері:

Дәріс жоспары:

1. Көп айнымалы (аргументті) функция туралы ұғым.
2. Екі аргументті функцияның толық және дербес өсімшелері.
3. Екі аргументті функцияның дербес туындылары.
4. Жоғарғы ретті дербес туындылар.
5. Екі аргументті функцияның толық және дербес дифференциалдары.

Көп аргументті функция туралы ұғым :

Бізді қоршаған ортада жүретін үдерістердің көпшілігі бірнеше аргументтердің арасындағы байланысты сипаттайтын заңдылықтар арқылы жүреді. Олардың біреуі басқаларымен функционалды түрде байланысқан болады.

Мысалы, төртбұрыштың ауданы: ені мен ұзындығына $S=xy$ байланысты екі аргументті функция болса, ал тікбұрышты параллелепипедтің көлемі: $V=xyz$ үш аргументті функция болады.

Газдың жағдайын сипаттайтын $pV = RT$ теңдеуі: « p »-қысым, « V »-көлем және « T » - температура (R - газдың универсал тұрақтысы) үш аргументтің арасындағы тәуелділікті көрсетеді.

Ағзаның кез келген физиологиялық сипаттамасы (қысым, температура, бойдың ұзындығы және т.б.) көп аргументті функцияға жатады. Мысалы, дене бетінің әр түрлі нүктесіндегі өлшенген « T » температура, өлшенген нүктенің координатасы және сол кездегі уақыттың $T = f(x, y, z, t)$ функциясы болады.

Бұндай тәуелділікті зертеу үшін көп аргументті функция деген ұғым енгізілді. Көп аргументті функция теориясының негізі екі аргументті функция негізімен бірдей.

Егер айнымалы « z » мәні екі аргумент « x » және « y » -тің (x,y) қос мәніне белгілі-бір ережемен немесе заңмен тәуелді болса, онда « z » екі аргументті функция деп аталады.

Екі айнымалы аргументті функцияның белгіленуі: $z = f(x, y)$.

Екі аргументті функцияның толық және дербес өсімшелері:

$z = f(x,y)$ екі аргументті функциясы берілсін.

Егер « x » және « y » сәйкес « Δx » және « Δy » өсімше алса, онда берілген нүктеде функция $(x+\Delta x; y+\Delta y)$ өсімше алады. Разность $f(x+\Delta x, y+\Delta y) - f(x,y)$ – айырымын

$z = f(x,y)$ функцияның толық өсімшесі « Δf » деп атайды:

$\Delta f = f(x+\Delta x, y+\Delta y) - f(x,y)$.

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Медициналық биофизика және ақпараттық технологиялар кафедрасы		044 -35/11 (М) () 40 беттің 4 беті
«Математика – бөлім 2» пәні бойынша дәріс кешені		

Егер тек бір аргументке өсімше берсе, онда $z = f(x, y)$ функциясы осы аргумент бойынша дербес өсімше алады.

$\Delta_x f(x, y) = \Delta x f = f(x + \Delta x, y) - f(x, y)$ – айырымын $z = f(x, y)$ функциясының «х» аргументі бойынша алған дербес өсімшесі деп атайды.

$\Delta_y f(x, y) = \Delta y f = f(x, y + \Delta y) - f(x, y)$ – айырымын $z = f(x, y)$ функциясының «у» аргументі бойынша алған дербес өсімшесі деп атайды.

Екі аргументті функцияның дербес туындылары:

$z = f(x, y)$ функциясының берілген (x, y) нүктесіндегі «х» аргументі бойынша бірінші ретті дербес туындысы деп келесі шекті айтады:

$$\lim_{\Delta x \rightarrow 0} \frac{\Delta_x f}{\Delta x} = \lim_{\Delta x \rightarrow 0} \frac{f(x + \Delta x, y) - f(x, y)}{\Delta x}$$

$z = f(x, y)$ функцияның «х» аргументі бойынша бірінші ретті дербес туындысының белгіленуі: $z'_x, f'_x(x, y), \frac{\partial z}{\partial x}, \frac{\partial f}{\partial x}$

$z = f(x, y)$ функцияның «у» аргументі бойынша бірінші ретті дербес туындысының белгіленуі: $z'_y, f'_y(x, y), \frac{\partial f}{\partial y}, \frac{\partial z}{\partial y}$

Дербес туынды бір аргументке байланысты болғандықтан қарапайым туынды сияқты оны оңай анықтауға болады.

Ол үшін дифференциалдаудың ережелерін қолдана отырып, қандай аргумент тұрақты сан деп, ал қандай аргумент айнымалы деп алынғанын ескеру қажет.

Ескерту! $f(x, y)$, функциясының $\partial f / \partial x$ туындысын табу үшін « $y = \text{const}$ » деп алып, «х» аргументі бойынша бір аргументті функцияның туындысын анықтаған жолмен табады. $\partial f / \partial y$ – керісінше табады.

Жоғарғы ретті дербес туындылар:

Егер $f(x, y)$ функциясының дербес бірінші ретті туындысы болса, $\frac{\partial f}{\partial x}, \frac{\partial f}{\partial y}$ онда функцияның «х» және «у» аргументтері бойынша алынған дербес туындысы - екінші ретті дербес туынды деп аталады.

Егер екінші ретті дербес туындыдан тағы дербес туынды алса, онда ол үшінші ретті дербес туынды деп аталады тағы с.с.

Екі аргументті функцияның толық және дербес дифференциалдары:

Егер $z = f(x, y)$ функциясының дербес туындысы болса, онда: $\frac{\partial f}{\partial x} dx -$ көбейтіндісі $f(x, y)$ функциясының «х» аргументі бойынша алынған дербес туындысы деп аталады.

$\frac{\partial f}{\partial y} dy$ - көбейтіндісі $f(x, y)$ функциясының «у» аргументі бойынша алынған дербес туындысы деп аталады.

$z = f(x, y)$ функциясының дербес дифференциалдарының қосындысын толық

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Медициналық биофизика және ақпараттық технологиялар кафедрасы «Математика – бөлім 2» пәні бойынша дәріс кешені		044 -35/11 (М) () 40 беттің 5 беті

дифференциал деп атайды: $\partial f = \frac{\partial f}{\partial x} dx + \frac{\partial f}{\partial y} dy$

4. Иллюстрациялық материал: Презентация, слайдтар.

5. Әдебиет:

• Негізгі:

1. Математика: учебник/ И.В. Павлушков, Л.В. Розовский, И.А. Наркевич.- М.: ГЭОТАР-Медиа, 2013. - 320 с
2. Основы высшей математики и математической статистики: учебник / И.В. Павлушков [и др.].- 2-е изд., испр. - М.: ГЭОТАР - Медиа, 2012
3. Математика. II -бөлім: оқулық / Қ. Ж. Құдабаев Алматы: Эверо, 2014
4. Крофт Э. Математика негіздері. 2-бөлім: оқулық.- Алматы: ҚР жоғары оқу орындарының қауымдастығы, 2014. - 324 б.

• Қосымша:

1. Краснов М, Киселев А. Высшая математика. Интегральное исчисление, дифференциальное исчисление функций несколько переменных. Т.2, изд. ЛКИ, Едисториал, УРСС.М., 2017.
2. Газизова Н.Н., Никонова Н.В. Пределы функции одной переменной. Уч.пособ. Изд.КНИТУ, 2014.
3. Богомолов Н.В. Практические занятия по математике: учеб. пособие бакалавров.- 11-е изд. переработан. и дополн. М.: Юрайт, 2013.

• Электронды басылымдар:

1. Математикалық анализ және аналитикалық функциялар теориясының бастамалары: оқу құралы. Қарағанды. 2015ж <https://aknurpress.kz/login>
2. Кощанова Г.Р. Математика 2/ оқу құралы: Алматы 2019, 129 б. <https://aknurpress.kz/login>
3. Қ.Ж. Құдабаев және т.б. Математика. 2 бөлім: Оқулық. Алматы, Эверо, 2020 ж. 144 б. https://elib.kz/ru/search/read_book/2515/
4. Нурмағамбетов Д.Е. Медицинадағы жоғары математика негіздері: Оқу құралы.- Алматы: «Эверо» баспасы, 2020. – 116 б. https://elib.kz/ru/search/read_book/711/
5. Құдабаев Қ.Ж. Математика: оқу құралы.– Алматы: Эверо, 2020.– 136 б. https://elib.kz/ru/search/read_book/3091/
6. Н. Ақанбай. Ықтималдықтар теориясы және математикалық статистика [Мәтін]: [оқулық].- Өнд., толықт. 2-бас.- Алматы: Қазақ ун-ті, 2017. <http://elib.kaznu.kz>

• Электронные ресурсы:

1. Білім алушы кеңесшісі: <http://www.studmedlib.ru/>, ЛОГИН ibragim123, ПАРОЛЬ Libukma123

6. Бақылау сұрақтары :

1. Екі аргументті функцияның дербес өсімшелері деп қандай өсімшелерді

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Медициналық биофизика және ақпараттық технологиялар кафедрасы	044 -35/11 (М) ()	
«Математика – бөлім 2» пәні бойынша дәріс кешені		40 беттің 6 беті

айтады?

2. Екі аргументті функцияның дербес туындыларынан дифференциалдарының айырмашылығы неде?

№ 2 Дәріс

1. Тақырыбы: Қос интеграл және оның негізгі қасиеттері

2. Мақсаты: Студенттерге қос интеграл және оның негізгі қасиеттерін түсіндіру.

3. Дәріс тезистері:

Дәріс жоспары:

1. Қос интеграл туралы түсінік.
2. Интегралдық қосынды.
3. Қос интеграл және оның негізгі қасиеттері.
4. Қос интегралды есептеу ережелері.

$f(x,y)$ функциясы Оху жазықтығындағы шектелген тұйық «D» облысында анықталсын.

Еркін түрде «D» облысын аудандары: $\Delta\sigma_1, \Delta\sigma_2, \dots, \Delta\sigma_n$ және диаметрі: $d_1, d_2, \dots, d_n$ - «n» элементар облыстарға бөлейік. Облыстардың диаметрі деп осы облыстардың шекараларының екі нүктесінің ең үлкен арақашақтығын айтады. Әрбір элементар облыстан $P_k(\zeta_k; \eta_k)$ еркін нүкте таңдап алып, осы « P_k » нүктесіндегі функцияның мәнін осы облыстың ауданына көбейтейік.

«D» облысындағы $f(x,y)$ функциясының интегралдық қосындысы:

$$\sum_{k=1}^n f(\zeta_k, \eta_k) \Delta\sigma_k = f(\zeta_1, \eta_1) \Delta\sigma_1 + f(\zeta_2, \eta_2) \Delta\sigma_2 + \dots + f(\zeta_n, \eta_n) \Delta\sigma_n$$

«D» облысы бойынша $f(x,y)$ функциясының қос интегралы деп ең үлкен элементар облыстың диаметрі нөлге ұмтылған кездегі интегралдық қосындының шегін айтады:

$$\iint_D f(x,y) d\sigma = \lim_{\max d_k \rightarrow 0} \sum_{k=1}^n f(\zeta_k, \eta_k) \Delta\sigma_k$$

Егер $f(x,y)$ функциясы «D» тұйық облысында үздіксіз болса, онда интегралдық қосындының шегі болады. Ол «D» облысын қандай әдіспен бөлгенге және нүктені қалай таңдап алғанға байланысты болмайды.

Егер «D» облысында $f(x,y) > 0$ болса, онда қос интеграл

$\iint_D f(x,y) d\sigma$ жоғары жағынан $z = f(x,y)$ бетімен, бүйір жағынан «Oz» өсіне

параллель цилиндрлік бетпен, ал төменгі жағынан хОу жазықтығындағы «D» облысымен шектелген цилиндрлік дененің көлеміне тең болады.

Қос интегралдың негізгі қасиеттері:

$$1. \iint_D (f_1(x, y) + f_2(x, y)) d\sigma = \iint_D f_1(x, y) d\sigma + \iint_D f_2(x, y) d\sigma$$


$$2. \iint_D (f_1(x, y) - f_2(x, y)) d\sigma = \iint_D f_1(x, y) d\sigma - \iint_D f_2(x, y) d\sigma$$

$$3. \iint_D c(f_1(x, y)) d\sigma = c \iint_D f_1(x, y) d\sigma$$

4. Егер «D» интегралдау облысы «D1» және «D2» екі облысқа бөлінсе, онда қос интеграл екі облыстан алынған интегралдардың қосындысына тең болады:

Қос интегралды есептеу ережелері:

1. «D» интегралдау облысы оң және сол жақтарынан $x = a$ және $x = b$ ($a < b$) тузулерімен, ал жоғары және төмен жақтарынан $y = \varphi_1(x)$ және $y = \varphi_2(x)$ ($\varphi_1(x) \leq \varphi_2(x)$) үздіксіз қисықтарымен шектелген (әрқайсысы тік түзудің тек бір нүктесімен қиылысыды).



Мұндай облыс үшін қос интеграл мына формуламен есептеледі:

$$\iint_D f(x, y) dx dy = \int_a^b dx \int_{\varphi_1(x)}^{\varphi_2(x)} f(x, y) dy$$

алдымен «x» тұрақты деп есептелетін келесі интеграл есептеледі: $\int_{\varphi_1(x)}^{\varphi_2(x)} f(x, y) dy$

2. «D» интегралдау облысы оң және сол жақтарынан $y = c$ және $y = d$ ($c < d$) тузулерімен, ал жоғары және төмен жақтарынан $x = \psi_1(y)$ и $x = \psi_2(y)$ ($\psi_1(y) \leq \psi_2(y)$), үздіксіз қисықтарымен шектелген (әрқайсысы көлденең түзудің тек бір нүктесімен қиылысыды).


Мұндай облыс үшін қос интеграл мына формуламен есептеледі:

$$\iint_D f(x, y) dx dy = \int_c^d dy \int_{\psi_1(y)}^{\psi_2(y)} f(x, y) dx$$

тұрақты деп есептелетін келесі интеграл

есептеледі: $\int_{\psi_1(y)}^{\psi_2(y)} f(x, y) dx$

Берілген формуланың оң жағы екі еселі немесе қайталанатын интеграл деп



QONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Медициналық биофизика және ақпараттық технологиялар кафедрасы		044 -35/11 (М) () 40 беттің 8 беті
«Математика – бөлім 2» пәні бойынша дәріс кешені		

аталады.

1. $\iint_D x \ln y dx dy$ қос интегралын есептеу: «D» облысы $0 \leq x \leq 4, 1 \leq y \leq e$ – тік төртбұрыш.

$$\text{Шешуі: } \iint_D x \ln y dx dy = \int_0^4 x dx \int_1^e \ln y dy = \left[\frac{x^2}{2} \right]_0^4 \cdot [y \ln y - y]_1^e = 8(e - e + 1) = 8$$

4. Иллюстрациялық материал: Презентация, слайдтар.

5. Әдебиет:

• **Негізгі:**

1. Математика: учебник/ И.В. Павлушков, Л.В. Розовский, И.А. Наркевич.- М.: ГЭОТАР-Медиа, 2013. - 320 с
2. Основы высшей математики и математической статистики: учебник / И.В. Павлушков [и др.].- 2-е изд., испр. - М.: ГЭОТАР - Медиа, 2012
3. Математика. II -бөлім: оқулық / Қ. Ж. Құдабаев Алматы: Эверо, 2014
4. Крофт Э. Математика негіздері. 2-бөлім: оқулық.- Алматы: ҚР жоғары оқу орындарының қауымдастығы, 2014. - 324 б.

• **Қосымша:**

1. Краснов М, Киселев А. Высшая математика. Интегральное исчисление, дифференциальное исчисление функций несколько переменных. Т.2, изд. ЛКИ, Едисториал, УРСС.М., 2017.
2. Газизова Н.Н., Никонова Н.В. Пределы функции одной переменной. Уч.пособ. Изд.КНИТУ, 2014.
3. Богомолов Н.В. Практические занятия по математике: учеб. пособие бакалавров.- 11-е изд. переработан. и дополн. М.: Юрайт, 2013.

• **Электронды басылымдар:**

1. Математикалық анализ және аналитикалық функциялар теориясының бастамалары: оқу құралы. Қарағанды. 2015ж <https://aknurpress.kz/login>
2. Кощанова Г.Р. Математика 2/ оқу құралы: Алматы 2019, 129 б. <https://aknurpress.kz/login>
3. Қ.Ж. Құдабаев және т.б. Математика. 2 бөлім: Оқулық. Алматы, Эверо, 2020 ж. 144 б. https://elib.kz/ru/search/read_book/2515/
4. Нурмағамбетов Д.Е. Медицинадағы жоғары математика негіздері: Оқу құралы.- Алматы: «Эверо» баспасы, 2020. – 116 б. https://elib.kz/ru/search/read_book/711/
5. Құдабаев Қ.Ж. Математика: оқу құралы.– Алматы: Эверо, 2020.– 136 б. https://elib.kz/ru/search/read_book/3091/

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Медициналық биофизика және ақпараттық технологиялар кафедрасы		044 -35/11 (М) ()
«Математика – бөлім 2» пәні бойынша дәріс кешені		40 беттің 9 беті

6. Н. Ақанбай. Ықтималдықтар теориясы және математикалық статистика [Мәтін]: [оқулық].- Өңд., толықт. 2-бас.- Алматы: Қазақ ун-ті, 2017. <http://elib.kaznu.kz>

• **Электронные ресурсы:**

1. Білім алушы кеңесшісі: <http://www.studmedlib.ru/>, ЛОГИН ibragim123, ПАРОЛЬ Libukma123

6. Бақылау сұрақтары:

1. Қос интеграл деп нені айтады?
2. Қос интегралдың негізгі қасиеттерін атаңыздар?

№ 3 Дәріс

1. Тақырыбы: Бірінші және екінші текті қисық сызықты интеграл және оның негізгі қасиеттері

2. Мақсаты: Студенттерге бірінші және екінші текті қисық сызықты интеграл және оның негізгі қасиеттерін түсіндіру.

3. Дәріс тезистері:

Дәріс жоспары:

1. Бірінші текті қисық сызықты интеграл.
2. Бірінші текті қисық сызықты интегралдың негізгі қасиеттері.
3. Екінші текті қисық сызықты интеграл.
4. Екінші текті қисық сызықты интегралдың негізгі қасиеттері.

Бірінші текті қисық сызықты интеграл:

$f(x,y)$ функциясы $y=\varphi(x)$ ($a \leq x \leq b$) теңдеуімен сипатталатын «К» қисығындағы «AB» доғасының нүктесінде үзіліссіз және анықталған болсын. «AB» доғасын еркін түрде $A = A_0, A_1, A_2, \dots, A_n = B$ нүктелерінде «n» элементар доғаларға бөлейік. $A_{k-1} A_k$ – доғасының ұзындығы - ΔS_k

Әрбір элементар доғадан еркін түрде $M_k(\zeta_k, \eta_k)$ нүкте таңдап алып, осы нүктедегі $f(\zeta_k, \eta_k)$ - функция мәнін ΔS_k доға ұзындығына көбейтейік.

$f(x,y)$ функциясының «AB» доғасының ұзындығы бойымен алынған

интегралдық қосындысы:
$$\sum_{k=1}^n f(\zeta_k, \eta_k) \Delta S_k$$

$f(x,y)$ функциясының «AB» доғасының ұзындығы бойымен алынған қисық сызықты интегралы деп $\max \Delta S_k \rightarrow 0$ жағдайдағы интегралдық қосындының

шегін айтады:
$$\int_{AB} f(x,y) ds = \lim_{\max \Delta S_k \rightarrow 0} \sum_{k=1}^n f(\zeta_k, \eta_k) \Delta S_k$$

Мұндағы ds – доғаның дифференциалы.

Бірінші текті қисық сызықты интеграл мына формуламен анықталады:

$$\int_{AB} f(x, y) ds = \int_a^b f[x, \varphi(x)] \sqrt{1 + [\varphi'(x)]^2} dx.$$

Бірінші текті қисық сызықты интегралдың негізгі қасиеттері:

1. Бірінші текті қисық сызықты интеграл, интегралдау жолдарының бағытына байланысты болмайды:

$$\int_{AB} f(x, y) ds = \int_{BA} f(x, y) ds$$

$$2. \int_K [f_1(x, y) \pm f_2(x, y)] ds = \int_K f_1(x, y) ds \pm \int_K f_2(x, y) ds.$$

$$3. \int_K c f(x, y) ds = c \int_K f(x, y) ds, \text{ мұндағы "c" – тұрақты.}$$

4. Егер интегралдау «K» аймағын «K1» және «K2» екі бөлікке бөлсе, онда:

$$\int_K f(x, y) ds = \int_{K_1} f(x, y) ds + \int_{K_2} f(x, y) ds.$$

$P(x, y)$ және $Q(x, y)$ функциялары «K» қисығындағы $y = \varphi(x)$ ($a \leq x \leq b$) теңдеумен сипатталатын «AB» доғасының нүктесінде үзіліссіз және анықталған болсын.

Координата бойынша алынған $P(x, y)$ және $Q(x, y)$ функцияларының интегралдық қосындысы деп келесі қосындыны айтады:

$$\sum_{k=1}^n [P(\zeta_k, \eta_k) \Delta x_k + Q(\zeta_k, \eta_k) \Delta y_k]$$

мұндағы Δx_k және Δy_k – элементар доғалардың «Ox» және «Oy» өстеріне проекциясы.

$P(x, y)dx + Q(x, y)dy$ шамаларынан «AB» доғасының бағытымен алынған екінші текті қисық сызықты интеграл деп, $\max \Delta x_k \rightarrow 0$ и $\max \Delta y_k \rightarrow 0$ шарттары орындалғандағы интегралдық қосындының шегін айтады:

$$\int_{AB} P(x, y) dx + Q(x, y) dy = \lim_{\substack{\max \Delta x_k \rightarrow 0 \\ \max \Delta y_k \rightarrow 0}} \sum_{k=1}^n [P(\zeta_k, \eta_k) \Delta x_k + Q(\zeta_k, \eta_k) \Delta y_k]$$

Екінші текті қисық сызықты интеграл «AB» қисық жолдағы айнымалы күштің $F = P(x, y)i + Q(x, y)j$ атқарған жұмысы.

Еінші текті қисық сызықты интегралдың негізгі қасиеттері:

1. Екінші текті қисық сызықты интеграл, интегралдау жолдарының бағытын өзгерткенде өз таңбасын қарама-қарсы таңбаға өзгертеді:

$$\int_{AB} P dx + Q dy = - \int_{BA} P dx + Q dy$$

$$\int_{AB} P dx + Q dy = \int_{AB} P dx + \int_{AB} Q dy$$

3. Қалған қасиеттері бірінші текті қисық сызықты интегралдардың қасиеттерімен бірдей.

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Медициналық биофизика және ақпараттық технологиялар кафедрасы «Математика – бөлім 2» пәні бойынша дәріс кешені		044 -35/11 (М) () 40 беттің 11 беті

Екінші текті қисық сызықты интеграл мына формуламен есептеледі:

$$\int_K P(x, y)dx + Q(x, y)dy = \int_a^b \{P[x, \varphi(x)] + \varphi'(x)Q[x, \varphi(x)]\}dx$$

Есепте: $\int_K (x - y)ds$, мұндағы «К» - А(0; 0) -ден В(4;3)-ке дейінгі түзудің кесіндісі.

Шешуі. «АВ» түзуінің теңдеуі $y = (3/4)x$. Оның туындысы $y' = 3/4$, сонда:

$$\int_K (x - y)ds = \int_0^4 (x - \frac{3}{4}x) \sqrt{1 + \frac{9}{16}} dx = \frac{5}{16} \int_0^4 x dx = \frac{5}{32} x^2 \Big|_0^4 = \frac{5}{2} = 2,5$$

4. Иллюстрациялық материал: Презентация, слайдтар.

5. Әдебиет:

• **Негізгі:**

1. Математика: учебник/ И.В. Павлушков, Л.В. Розовский, И.А. Наркевич.- М.: ГЭОТАР-Медиа, 2013. - 320 с
2. Основы высшей математики и математической статистики: учебник / И.В. Павлушков [и др.].- 2-е изд., испр. - М.: ГЭОТАР - Медиа, 2012
3. Математика. II -бөлім: оқулық / Қ. Ж. Құдабаев Алматы: Эверо, 2014
4. Крофт Э. Математика негіздері. 2-бөлім: оқулық.- Алматы: ҚР жоғары оқу орындарының қауымдастығы, 2014. - 324 б.

• **Қосымша:**

1. Краснов М, Киселев А. Высшая математика. Интегральное исчисление, дифференциальное исчисление функций несколько переменных. Т.2, изд. ЛКИ, Едисториал, УРСС.М., 2017.
2. Газизова Н.Н., Никонова Н.В. Пределы функции одной переменной. Уч.пособ. Изд.КНИТУ, 2014.
3. Богомолов Н.В. Практические занятия по математике: учеб. пособие бакалавров.- 11-е изд. переработан. и дополн. М.: Юрайт, 2013.

• **Электронды басылымдар:**

1. Математикалық анализ және аналитикалық функциялар теориясының бастамалары: оқу құралы. Қарағанды. 2015ж <https://aknurpress.kz/login>
2. Кощанова Г.Р. Математика 2/ оқу құралы: Алматы 2019, 129 б. <https://aknurpress.kz/login>
3. Қ.Ж. Құдабаев және т.б. Математика. 2 бөлім: Оқулық. Алматы, Эверо, 2020 ж. 144 б. https://elib.kz/ru/search/read_book/2515/
4. Нурмағамбетов Д.Е. Медицинадағы жоғары математика негіздері: Оқу құралы.- Алматы: «Эверо» баспасы, 2020. – 116 б. https://elib.kz/ru/search/read_book/711/
5. Құдабаев Қ.Ж. Математика: оқу құралы.– Алматы: Эверо, 2020.– 136 б. https://elib.kz/ru/search/read_book/3091/

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Медициналық биофизика және ақпараттық технологиялар кафедрасы		044 -35/11 (М) ()
«Математика – бөлім 2» пәні бойынша дәріс кешені		40 беттің 12 беті

6. Н. Ақанбай. Ықтималдықтар теориясы және математикалық статистика [Мәтін]: [оқулық].- Өңд., толықт. 2-бас.- Алматы: Қазақ ун-ті, 2017. <http://elib.kaznu.kz>

• **Электронные ресурсы:**

1. Білім алушы кеңесшісі: <http://www.studmedlib.ru/>, ЛОГИН ibragim123, ПАРОЛЬ Libukma123

6. Бақылау сұрақтары:

1. Қандай интеграл бірінші текті қисық сызықты интеграл деп аталады?
2. Бірінші текті қисық сызықты интегралдың негізгі қасиеттерін атаңыз?
3. Қандай интеграл екінші текті қисық сызықты интеграл деп аталады?
4. Екінші текті қисық сызықты интегралдың негізгі қасиеттерін атаңыз?

№ 4 Дәріс

1. Тақырыбы: Бірінші және екінші ретті дифференциалдық теңдеулер және олардың түрлері

2. Мақсаты: Студенттерге бірінші ретті дифференциалдық теңдеулер және олардың түрлерін түсіндіру.

3. Дәріс тезистері:

Дәріс жоспары:

1. Дифференциалдық теңдеулер туралы ұғым.
2. Дифференциалдық теңдеудің жалпы және дербес шешуі.
3. Бірінші ретті дифференциалдық теңдеулердің түрлері.
4. Реті төменділетін екінші ретті дифференциалдық теңдеулер.
5. Құрамында ізделініп отырған функцияның өзі және оның туындысы болмайтын екінші ретті дифференциалдық теңдеу.
6. Құрамында ізделініп отырған функцияның өзі болмайтын екінші ретті дифференциалдық теңдеу.
7. Екінші ретті, коэффициенттері тұрақты сызықты дифференциалдық теңдеу.

Қарапайым теңдеулерден дифференциалдық теңдеудің негізгі айырмашылығы неде?

Дифференциалдық теңдеу деп «х» тәуелсіз айнымалы, ізделініп отырған $y=f(x)$ функция және $y', y'', \dots, y^{(n)}$ оның туындысы немесе $dy, d^2y, \dots, d^{(n)}y$ дифференциалының арасындағы байланысты сипаттайтын теңдеуді айтады. Дифференциалдық теңдеудің жалпы түрде жазылуы:

$$F(x, y, y', y'', y''', \dots, y^{(n)}) = 0$$

$$F(x, dy, d^2y, d^3y, \dots, d^{(n)}y) = 0$$

Егер ізделініп отырған $y=f(x)$ функциясы тек бір айнымалыға тәуелді болса,

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Медициналық биофизика және ақпараттық технологиялар кафедрасы		044 -35/11 (М) ()
«Математика – бөлім 2» пәні бойынша дәріс кешені		40 беттің 13 беті

онда дифференциалдық теңдеу қарапайым деп аталады: $y' = 4x^3$

Дифференциалдық теңдеудің реті неге байланысты болады?

Дифференциалдық теңдеудің құрамындағы туындының немесе дифференциалдың ең жоғарғы реті дифференциалдық теңдеудің ретін

$$y' = 4x^3 + 3 - 1 \text{ ретті}$$

көрсетеді. $y'' + 4y' - y = 0 - 2 \text{ ретті}$

$$y''' = \sin(x) - 3 \text{ ретті}$$

Егер дифференциалдық теңдеудің оң жақ бөлігі нөлге тең болса, онда бір текті, ал нөлге тең болмаса, онда бір текті емес теңдеу деп аталады.

Дифференциалдық теңдеудің шешулерінің қарапайым теңдеудің шешулерінен айырмашылығы неде?

Дифференциалдық теңдеудің жалпы шешуі

деп сол теңдеуді қанағаттандыратын, құрамында тәуелсіз айнымалы «х» және тұрақты шама «С» болатын

$y=f(x,C)$ - функциясын айтады.

$\Phi(x,y,C)=0$ түрінде жазылған дифференциалдық теңдеудің шешімін жалпы интеграл деп айтады.

Анықталған «С»-нің мәнін жалпы шешімге қойғанда алынған функцияны дербес шешуі деп атайды.

Дифференциалдық теңдеудің түрлері:

1. $f_1(x)\varphi_1(y)dx + f_2(x)\varphi_2(y)dy = 0$ түрдегі дифференциалдық теңдеуді айнымалылары дараланатын бірінші ретті дифференциалдық теңдеу деп айтады.

Бұл теңдеуді шешу үшін:

1) Теңдеудегі айнымалыларды даралау керек: $\frac{f_1(x)}{f_2(x)}dx + \frac{\varphi_2(y)}{\varphi_1(y)}dy = 0$

Бұл айнымалылары дараланған бірінші ретті теңдеу.

2) Айнымалылары дараланған бірінші ретті теңдеудің екі жағын интегралдау керек: $\int \frac{f_1(x)}{f_2(x)}dx + \int \frac{\varphi_2(y)}{\varphi_1(y)}dy = C$

3) Интегралдау арқылы алынған функция сол дифференциалдық теңдеудің жалпы шешуі деп аталады.

Мысал:

$$y' = y^2 \cos x$$

$$\frac{dy}{dx} = y^2 \cos x$$

$$\frac{dy}{y^2} = \cos x dx$$

$$\int \frac{dy}{y^2} = \int \cos x dx \Rightarrow \int y^{-2} dy = \int \cos x dx$$

$$-y^{-1} = \sin x + C$$

$$\frac{1}{y} = -\sin x + C \quad - \text{ жалпы шешімін}$$

$$2. \quad y' + p(x)y = f(x)$$

түрдегі дифференциалдық теңдеуді бірінші ретті сызықты дифференциалдық теңдеу деп айтады.

Бұл теңдеудің шешуі бір-біріне тәуелсіз екі функцияның көбейтіндісі

$y = uv$, мұндағы $u=u(x)$, $v=v(x)$ түрінде анықталады.

Теңдеуді шешу үшін:

1) $y=uv$ функциясынан бірінші ретті туынды алу керек. $y' = u'v + uv'$

2) Туындының және функцияның мәнін берілген негізгі теңдеуге қою керек.

$$u'v + uv' + p(x)uv = f(x)$$

3) Екінші және үшінші қосылғыштарды топтап

$$«u»\text{-ды жақшаның сыртына шығару керек. } u'v + u(v' + p(x)v) = f(x)$$

4) Екінші қосылғышты нөлге теңестіріп, жүйеден «v» функциясын анықтау керек.

$$\begin{cases} v' + p(x)v = 0 \\ u'v = f(x) \end{cases}$$

$$u'v = f(x)$$

$$v' = -p(x)v$$

$$\frac{dv}{dx} = -p(x)v$$

$$\frac{dv}{v} = -p(x)dx$$

$$\int \frac{dv}{v} = -\int p(x)dx$$

$$\ln v = -\int p(x)dx$$

$$v = e^{-\int p(x)dx}$$

5) Анықталған «v» функциясын жүйедегі теңдеуге қойып, «u» функциясын анықтау керек.

$$u'v = f(x)$$

$$u' = \frac{f(x)}{e^{-\int p(x)dx}}$$

$$u' = f(x)e^{\int p(x)dx}$$

$$u = \int f(x)e^{\int p(x)dx} dx$$

$$6) \text{ Теңдеудің шешуі: } y = uv = e^{-\int p(x)dx} \int f(x)e^{\int p(x)dx} dx$$

Екінші ретті дифференциалдық теңдеулер:

$F(x, y, y', y'') = 0$ –теңдеуді екінші ретті дифференциалдық теңдеу деп атайды.

$y'' = f(x, y, y')$ –теңдеуінің жалпы шашуі құрамында екі тұрақты шама болатын функция болады:

$$y = \varphi(x, C_1, C_2).$$

Реті төмендітілетін екінші ретті дифференциалдық теңдеулердің түрлері:

1.1. Құрамында ізделініп отырған функцияның өзі және оның туындысы болмайтын екінші ретті теңдеу:

$y'' = f(x)$ – түрдегі құрамында ізделініп отырған функцияның өзі және оның туындысы болмайтын екінші ретті дифференциалдық теңдеу деп

атайды. Бұндай теңдеулер олардың ретін төмендете алатын жаңа функция енгізу арқылы екі рет интегралдағанда шешіледі.

$u(x)$ функциясын енгізейік:

Егер бірінші ретті туындыны $y' = u(x)$ деп алмастырсақ, онда екінші ретті туынды:

$$y'' = (y')' = u'(x) \text{ және } u'(x) = f(x) \text{ немесе } du/dx = f(x) \text{ болады.}$$

Айнымалыларды бөліп, интегралдау арқылы бірінші ретті туындыны анықтаймыз:

$$du = f(x)dx, \int du = \int f(x)dx, u(x) = \int f(x)dx + C_1$$

немесе

$$y' = \int f(x)dx + C_1, \frac{dy}{dx} = \int f(x)dx + C.$$

Айнымалыларды бөліп, интегралдау арқылы функцияны анықтаймыз:

$$dy = (\int f(x)dx + C_1)dx,$$

$$\int dy = \int (\int f(x)dx + C_1)dx,$$

$$y = \int (\int f(x)dx) + C_1 x + C_2$$

- берілген теңдеудің жалпы шешуі

Мысал. $y'' = x$ - теңдеуінің жалпы шешу керек.

Шешуі. $y' = u(x)$ деп белгілесе, онда

$y'' = u'(x)$ және $u'(x) = x$ немесе $du/dx = x$. Айнымалыларды бөліп, интегралдау арқылы бірінші ретті туындыны анықтаймыз:

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Медициналық биофизика және ақпараттық технологиялар кафедрасы «Математика – бөлім 2» пәні бойынша дәріс кешені		044 -35/11 (М) () 40 беттің 16 беті

$$du = xdx, \int du = \int xdx, u = \frac{x^2}{2} + C_1$$

немесе

$$y' = \frac{du}{dx} = \frac{x^2}{2} + C_1.$$

1.2 1.2. Құрамында ізделініп отырған функцияның өзі болмайтын екінші ретті дифференциалдық теңдеу:

$y'' = f(x, y')$ түрдегі құрамында ізделініп отырған функцияның өзі болмайтын екінші ретті дифференциалдық теңдеу деп атайды.. $y' = z(x)$ жаңа функциясын енгізе отырып «z» салыстырғанда бірінші ретті теңдеу аламыз: $z' = f(x, z)$.

Мысал. $(1 + x^2)y'' - 2xy' = 0$ - теңдеуінің жалпы шешуін табу керек.

Шешуі.

$$(1 + x^2)z' - 2xz = 0,$$

Егер $y' = z, y'' = z'$ алмастырса, онда: $(1 + x^2) \frac{dz}{dx} - 2xz = 0$

$$\frac{dz}{z} = \frac{2x}{1 + x^2} dx;$$

Айнымалыларын бөліп, интегралдаймыз: $\int \frac{dz}{z} = \int \frac{2x}{1 + x^2} dx:$

$$\ln(z) = \ln(1 + x^2) + \ln(C_1)$$

Потенцирлегенде: $z = C_1(1 + x^2)$ өрнегі алыныды.

Бұдан $z = y'$ болғанда, $y' = C_1(1 + x^2)$ немесе $dy/dx = C_1(1 + x^2)$ немесе $dy = C_1(1 + x^2)dx$ болады .

Айнымалыларды бөліп, интегралдау арқылы функцияны анықтаймыз:

$$\int dy = \int C_1(1 + x^2)dx$$

$$y = C_1 x^3/3 + C_1 x + C_2 - \text{жалпы шешуі.}$$

$$2. y'' + py' + qy = 0$$

- түрдегі дифференциалдық теңдеуді бір текті, екінші ретті, коэффициенттері тұрақты ($p, q = \text{const}$) сызықты дифференциалдық теңдеу деп айтады.

Бұл теңдеудің жалпы шешімі $y = e^{kx}$ – Эйлердің функциясы арқылы анықталады.

Теңдеуді шешу үшін:

1) $y = e^{kx}$ – Эйлердің функциясынан бірінші және екінші ретті туынды табу керек.

$$y' = k e^{kx} \quad y'' = k^2 e^{kx}$$

2) Берілген теңдеудегі функцияның, бірінші және екінші ретті туындыларының

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Медициналық биофизика және ақпараттық технологиялар кафедрасы «Математика – бөлім 2» пәні бойынша дәріс кешені		044 -35/11 (М) () 40 беттің 17 беті

орнына табылған мәндерді қою керек.

$$k^2 e^{kx} + p k e^{kx} + q e^{kx} = 0$$

3) Эйлердің функциясын жақшаның сыртына шығарғанда, оның нөлге тең болмайтындығын ескеріп, екінші көбейткішті нөлге теңеп жазу керек.

$$e^{kx} (k^2 + p k + q) = 0$$

$$e^{kx} \neq 0, k^2 + p k + q = 0$$

$$k^2 + p k + q = 0$$

Бұл теңдеу екінші ретті, коэффициенттері тұрақты сызықты дифференциалдық теңдеудің сипаттаушы теңдеуі деп аталады.

$$k^2 + p k + q = 0,$$

4) Сипаттаушы теңдеудің түбірлерін табу керек.

$$k_{1/2} = -\frac{p}{2} \pm \sqrt{\frac{p^2}{4} - q}$$

5) Екінші ретті, коэффициент-тері тұрақты сызықты дифференциалдық теңдеудің жалпы шешуі сипаттаушы теңдеудің түбірлеріне байланысты болады:

5.1 Егер сипаттаушы теңдеудің k_1 және k_2 түбірлері нақты, әр-түрлі сан болса,

$$D > 0, k_1 \neq k_2$$

онда теңдеудің жалпы шешуі:

$$y = C_1 e^{k_1 x} + C_2 e^{k_2 x}$$

5.2 Егер сипаттаушы теңдеудің k_1 және k_2 түбірлері нақты, бір-біріне тең сан

$$D = 0, k_1 = k_2 = k$$

болса, онда теңдеудің жалпы шешімі:

$$y = e^{kx} (C_1 x + C_2)$$

5.3 Егер сипаттаушы теңдеудің k_1 және k_2 түбірлері жорымал яғни жалған сан

$$D < 0, k_1 \neq k_2, k_{1/2} = \alpha + \beta i$$

болса, онда теңдеудің жалпы шешімі:

$$y = e^{\alpha x} (C_1 \cos \beta x + C_2 \sin \beta x)$$

$$\text{мұндағы: } \alpha = -\frac{p}{2}, \beta = \sqrt{D}, i = \sqrt{-1}.$$

4. Иллюстрациялық материал: Презентация, слайдтар.

5. Әдебиет:

• **Негізгі:**

1. Математика: учебник/ И.В. Павлушков, Л.В. Розовский, И.А. Наркевич.- М.: ГЭОТАР-Медиа, 2013. - 320 с
2. Основы высшей математики и математической статистики: учебник / И.В. Павлушков [и др.].- 2-е изд., испр. - М.: ГЭОТАР - Медиа, 2012
3. Математика. II -бөлім: оқулық / Қ. Ж. Құдабаев Алматы: Эверо, 2014
4. Крофт Э. Математика негіздері. 2-бөлім: оқулық.- Алматы: ҚР жоғары оқу орындарының қауымдастығы, 2014. - 324 б.

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Медициналық биофизика және ақпараттық технологиялар кафедрасы «Математика – бөлім 2» пәні бойынша дәріс кешені		044 -35/11 (М) () 40 беттің 18 беті

• **Қосымша:**

1. Краснов М, Киселев А. Высшая математика. Интегральное исчисление, дифференциальное исчисление функций несколько переменных. Т.2, изд. ЛКИ, Едисториял, УРСС.М., 2017.
2. Газизова Н.Н., Никонова Н.В. Пределы функции одной переменной. Уч.пособ. Изд.КНИТУ, 2014.
3. Богомолов Н.В. Практические занятия по математике: учеб. пособие бакалавров.- 11-е изд. переработан. и дополн. М.: Юрайт, 2013.

• **Электронды басылымдар:**

1. Математикалық анализ және аналитикалық функциялар теориясының бастамалары: оқу құралы. Қарағанды. 2015ж <https://aknurpress.kz/login>
2. Кощанова Г.Р. Математика 2/ оқу құралы: Алматы 2019, 129 б. <https://aknurpress.kz/login>
3. Қ.Ж. Құдабаев және т.б. Математика. 2 бөлім: Оқулық. Алматы, Эверо, 2020 ж. 144 б. https://elib.kz/ru/search/read_book/2515/
4. Нурмағамбетов Д.Е. Медицинадағы жоғары математика негіздері: Оқу құралы.- Алматы: «Эверо» баспасы, 2020. – 116 б. https://elib.kz/ru/search/read_book/711/
5. Құдабаев Қ.Ж. Математика: оқу құралы.– Алматы: Эверо, 2020.– 136 б. https://elib.kz/ru/search/read_book/3091/
6. Н. Ақанбай. Ықтималдықтар теориясы және математикалық статистика [Мәтін]: [оқулық].- Өңд., толықт. 2-бас.- Алматы: Қазақ ун-ті, 2017. <http://elib.kaznu.kz>

• **Электронные ресурсы:**

1. Білім алушы кеңесшісі: <http://www.studmedlib.ru/>, ЛОГИН ibragim123, ПАРОЛЬ Libukma123

6. Бақылау сұрақтары:

1. Дифференциалдық теңдеудің жалпы шешуінен дербес шешуінің айырмашылығы неде?
2. Дифференциалдық теңдеулер фармацияда қандай мақсатта қолданылады?
4. Екінші ретті дифференциалдық теңдеудер фармацияда қандай мақсатта қолданылады?

№ 5 Дәріс

1. Тақырыбы: Физика-химиялық және фармацевтикалық мазмұндағы есептерге дифференциалдық теңдеу құру және шешу

2. Мақсаты: Студенттерге физика-химиялық және фармацевтикалық мазмұндағы есептерге дифференциалдық теңдеу құруды және шешуді үйрету.

3. Дәріс тезистері:

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Медициналық биофизика және ақпараттық технологиялар кафедрасы	044 -35/11 (М) ()	
«Математика – бөлім 2» пәні бойынша дәріс кешені	40 беттің 19 беті	

Дәріс жоспары:

Фармация, биология және медицинадағы қолданбалы есептер:

1. Дәрілік заттың еру заңы.
2. Уақыт ішінде бактерияның өсу заңы.
3. Уақыт ішінде таяқша тәрізді жасушаның өсу заңы.
4. Дыбыс өрісінде жасушаның бұзылу заңы.
5. Эпидемия теориясына дифференциалдық теңдеу құру және шешу.

Дифференциалдық теңдеулер физика-химиялық, фармацевтикалық және медицина –биологиялық мазмұнды есептерді шешуде маңызды орын алады.

Бұл теңдеулерді қолдана отырып, берілген үдерісті немесе құбылысты сипаттайтын айнымалы шамалардың арасындағы байланысты анықтау мүмкіндігіне қол жеткізуге болады. Кез келген есепті математикалық талдау арқылы шешу үш этаптан тұрады:

1. есептің шартын математикалық тілге аудару;
2. есепті шешу;
3. алынған нәтижені бағалау.

Жұмыстың бірінші бөлігі кәдімгі дифференциалдық теңдеу құру болып табылады. Бұл бөлігі өте қиын соғады, себебі дифференциалдық теңдеу құрудың жалпы әдістері жоқ және бұл облысты зертеу дағдылары нақты мысалды жанжақты оқып, үйрену барысында ғана жинақталады:

Фармация, биология және медицинадағы қолданбалы есептер:

1. Дәрілік заттың еру заңы:

Таблеткадағы дәрілік заттың еру жылдамдығы таблеткадағы дәрілік заттың мөлшеріне байланысты (пропорционал) болады. Уақыт ішінде дәрілік зат мөлшерінің өзгеру тәуелділігін анықтау керек.

«t» уақытында таблеткадағы ерімей қалған зат мөлшерін «m» деп белгілейік.

Сонда дәрілік заттың еру жылдамдығы: $dm/dt = -km$, мұндағы k – еру жылдамдығының тұрақтысы.

Минус таңбасы дәрілік зат мөлшерінің уақыт ішінде кемитіндігін көрсетеді. Айнымалыларды бөліп, интегралдау керек:

$$\frac{dm}{dt} = -kdt,$$

$$\int \frac{dm}{dt} = -\int kdt, \ln(m) = -kt + \ln(C), \quad t = 0 \text{ болғанда } m=m_0 \text{ деп алып, } C=m_0 \text{ тұрақтының}$$

$$\ln(m) = \ln e^{-kt} + \ln(C),$$

$$m = Ce^{-kt}.$$

m-ні анықталады. $m = m_0 e^{-kt}$ – дәрілік заттың еру заңы.

2. Уақыт ішінде бактерияның өсу заңы.

Ультрадыбыстық толқынның әерінен суспензиялық орталардың тұтастығы бұзылуын және кішкентай көпіршіктер мен бос кеңістіктер пайда болуын

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Медициналық биофизика және ақпараттық технологиялар кафедрасы «Математика – бөлім 2» пәні бойынша дәріс кешені		044 -35/11 (М) () 40 беттің 20 беті

кавитация деп атайды.

Олардың тығыздығы судың тығыздығымен салыстырғанда өте аз болады.

Қарапайым бактериялар, балдырлар, ашытқы, лейкоциттер, эритроциттер әсері жоғары дыбыс өрісінде пайда болатын кавитация кезінде бұзылады.

Әртүрлі биологиялық жасушаның бұзылуының салыстырмалы жылдамдығы кең диапазондық жиілікте тұрақты болып қалады.

Бұл жылдамдықтар әртүрлі жасушалардың салыстырмалы бұзылғыштығын сипаттайды.. Бұның сандық сипатын анықтау үшін дыбыс өрісінде жасушаның бұзылу жылдамдығын анықтау керек.

Бұл сұрақты зерттей келе ең болмағанда 1 % жасуша бұзылмай қалатындығын мына түрде жазуға болады: $dN/dt = -RN$, мұндағы «N» - жасуша концентрациясы; «t» - уақыт; «R» - тұрақты шама.

$$\frac{dN}{N} = -Rdt,$$

$$\int \frac{dN}{N} = - \int Rdt,$$

Айнымалыларды бөліп, интегралдау керек: $\ln(N) = -Rt + \ln(C)$,

$$\ln(N) - \ln(C) = -Rt$$

$$\ln\left(\frac{N}{C}\right) = -Rt, \frac{N}{C} = e^{-Rt}, N = Ce^{-Rt}.$$

t = 0 болғанда N = N0 деп алып, C = N0 тұрақтының мәні анықталады.

N = N0e-Rt - дыбыс өрісінде жасушаның бұзылу заңы.

5. Эпидемия теориясына дифференциалдық теңдеу құру және шешу:

Зерттелетін ауру созылмалы болған жағдайда эпидемия теориясына дифференциалдық теңдеу қалай құрылып, қалай шешілетінін қарастырайық. Бұл кезде инфекцияның берілуі үдерісі аурудың өтуінен де тез жүреді және зақымдалған түр алынып тасталмайды. Ол зақымдалмаған түрмен кездескенде оған тағы да инфекция береді. Бастапқы уақыт t = 0 кезде: «a» - зақымдалған түрдің саны, «b» - зақымдалмаған түрдің саны. Уақыт «t» кезде: x(t) - зақымдалған түрдің саны, y(t) - зақымдалмаған түрдің саны. Бір ұрпақтың өмір сүру мерзімінен кіші кез келген «t» уақыт аралығында мынандай теңдік орын алады: $x + y = a + b$. Осы жағдайда $y = f(t)$ уақыт ішінде зақымдалмаған түрдің өзгеру заңын анықтау керек. Инфекция залалданған түрмен залалданбаған түр кездескенде беріледі. Сондықтан залалданбаған түрдің саны, залалданған түрмен залалданбаған түрдің кездесу санын пропорционал түрде уақыт ішінде кемиді. «dt» уақыт аралығы үшін: $dy = -\beta xydt$ болады. Бұдан $dy/dt = -\beta xy$, мұндағы β - пропорционалдық коэффициент. Теңдеуге $x = a + b - y$ мәнін қою арқылы айнымалылары дараланатын дифференциалдық теңдеу алынды: $dy/dt = -\beta y(a + b - y)$. Дифференциалдар және айнымалыларды даралағаннан

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Медициналық биофизика және ақпараттық технологиялар кафедрасы		044 -35/11 (М) () 40 беттің 21 беті
«Математика – бөлім 2» пәні бойынша дәріс кешені		

кейін теңдеу алынды: $\frac{dy}{y(a+b-y)} = -\beta dt$. Бұл теңдеудің сол жағын түрлендірейік:

$$\frac{1}{a+b} \left(\frac{1}{y} + \frac{1}{a+b-y} \right) dy = -\beta dt,$$

$$\int \frac{1}{a+b} \left(\frac{1}{y} + \frac{1}{a+b-y} \right) dy = -\int \beta dt,$$

Интегралдаймыз: $\frac{1}{a+b} \int \frac{dy}{y} + \frac{1}{a+b} \int \frac{dy}{a+b-y} = -\beta t + C,$

$$\ln(y) - \ln(a+b-y) = -(a+b)\beta t + \ln(C),$$

$$\ln\left(\frac{y}{a+b-y}\right) = \ln(e^{-\beta(a+b)t}) + \ln(C),$$

